

Мәслихаттың 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 118 "Әуликөл ауданының сауда қызметінің субъектілері үшін біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2011 жылғы 4 ақпандағы № 220 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 наурызда № 9-7-130 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 14 ақпандағы № 69 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 14.02.2013 № 69 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Әуликөл ауданының сауда қызметінің субъектілері үшін біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 118 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-7-98 нөмірімен тіркелген, "Әуликөл" газетінде 2009 жылғы 14 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 тармақта "жеке тұлғалар" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1, 2 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Он бесінші сессияның төрағасы,
аудандық мәслихаттың хатшысы А. Бондаренко
КЕЛІСІЛДІ:*

*Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігі Салық комитетінің
Қостанай облысы бойынша Салық
Департаментінің "Әуликөл ауданы
бойынша салық басқармасы"*

М ә с л и х а т т ы ң
2 0 1 1 жы л ғ ы 4 а қ п а н д а ғ ы

№ 220 шешіміне 1 қосымша

М ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 9 жы л ғ ы 2 1 с ә у і р д е г і

№ 118 шешіміне 1 қосымша

Кәсіпкерлік қызметі дүркін-дүркін сипаттағы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар үшін біржолғы талондардың құны

р/с №	Кәсіпкерлік қызметтің түрі	Біржолғы талонның бір күнгі құны (теңге)	
		базарда	базардан тыс
1	Сатуды (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):		
	газеттер мен журналдар,	130	130
	тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет),	260	260
	бақша дақылдарын,	260	260
	саяжайларда және үй маңайындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді,	130	130
	қосалқы ауыл шарашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін,	130	130
	жануарлар мен құстардың жемдерін,	90	90
	сыпыртқылар, сыпырғылар	15	15
	орман жидегін,	50	50
	бал,	260	260
	саңырауқұлақ,	50	50
	балық	130	130
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке меншікті трактор иелерінің қызмет көрсетуі		260
3	Үй жануарлары мен құстарды жаю		110

М ә с л и х а т т ы ң
2011 жылғы 4 ақпандағы

№ 220 шешіміне 2 қосымша

М ә с л и х а т т ы ң
2009 жылғы 21 сәуірдегі

№ 118 шешіміне 2 қосымша

Әуликөл ауданының базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Әуликөл ауданының базарларында тауарлар өткізуді жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін сауда қызметінің біржолғы талондарының құны

р/с №	Рыноктың атауы және тауарлық мамандануы	Өткізілетін тауарлар тобы	Рыноктағы сауда орны	Біржолғы талонның бір күнгі құны (теңге)
1	2	3	4	5
1	"Әуликөл-сервис" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының сауда рыногы (әмбебап)	Өнеркәсіп тауарлары	Сөре	140
		Азық-түлік тауарлары	Сөре	170
		Көкөніс және жеміс-көкөніс өнімдері (көтерме сауда)	К ө л і к құралдарынан	350
		Шараушылық тауарлары	Сөре	180
		Ет және ет өнімдері	Сөре	200
		Бұрын ұсталынған тауарлар	Сөре	50
		Қосалқы бөлшектер	Сөре	55
		Үй жануарлары	Базарда	250
		Құс	Базарда	90
		Өнеркәсіп тауарлары	Сөре	130
		Азық-түлік тауарлары	Сөре	150
		Көкөніс және жеміс-көкөніс		

2	Құсмұрын поселкесінің сауда (әмбебап) рыногы	өнімдері (көтерме сауда)	К ө л і к құралдарынан	300
		Шараушылық тауарлары	Сөре	140
		Ет және ет өнімдері	Сөре	200
		Бұрын ұсталынған тауарлар	Сөре	30
		Қосалқы бөлшектер	Сөре	55
		Үй жануарлары	Базарда	250
		Құс	Базарда	90
3	"Төленгіт" сауда (әмбебап) шағын рыногы	Өнеркәсіп тауарлары	Сөре	140
		Азық-түлік тауарлары	Сөре	170
		Бұрын ұсталынған тауарлар	Сөре	30